



Салқындату және мұздату
құрамдастырылуы

kk Пайдалану нұсқаулығы

K167.. / K168..



кк Мазмұны

| | | | |
|---|----|--|----|
| Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулар және алдын-ала ескертулер | 3 | Ең жоғары мұздату қабілеті | 13 |
| Кәдеге жарату бойынша қатысты нұсқамалар | 5 | Мұздату және сақтау | 14 |
| Жеткізіліп берілетін жиынтықтың көлемі | 6 | Жаңа әкелінген өнімдерді мұздату | 14 |
| Бөлме температурасы, вентиляция және ойықша тереңдігі | 6 | Супер мұздату | 15 |
| Орнатылатын жері | 7 | Мұздатылған өнімдерді еріту | 16 |
| Бұйымның қосылуы | 7 | Жабдықталуы | 16 |
| Бұйыммен танысу | 8 | “ОК” жапсырмасы | 17 |
| Бұйымды қосу | 9 | Тоңазытқышты өшіру және істен шығару | 18 |
| Температурасын қою | 9 | Еріту | 18 |
| Демалыс тәртібі | 10 | Бұйымды тазалау | 19 |
| Дабыл функциясы | 10 | Иістер | 20 |
| Қолдану үшін сыйымдылық көлемі | 11 | Жарық (СИД) | 20 |
| Суыту бөлімі | 11 | Энергияны үнемдеу | 21 |
| Super-суыту | 13 | Жұмыс шуылы | 21 |
| Мұздатқыш бөлімі | 13 | Шағы ақаулылықтарды өз бетінше жою | 22 |
| | | Тоңазытқыштың өзін-өзі тексеру | 24 |
| | | Пайдаланушыларға қызмет көрсету | 24 |

Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулар және алдын-ала ескертулер

Бұйымды іске қосу алдында

Бұйымды орнату және пайдалану бойынша нұсқаулықты мұқият оқып алыңыз! Онда юйымды орнату, пайдалану және күтімдеу жөнінде маңызды ақпарат берілген.

Осы нұсқаулықтар мен ескертпелерде көрсетілген сақтандырулар мен нұсқауларға назар аудармай әрекет етілген жағдайларда өндіруші ықтимал зардаптар үшін жауапкершілікті көтермейді. Бүкіл құжаттаманы одан әрі пайдалану немесе басқа қолданушыға беру үшін сақтаңыз..

Техникалық қауіпсіздік

Бұйымның құрамында аздаған мөлшерде экологиялық таза, алайда жана алатын R600a салқындатқыш бар. Тасымалдау не орнату кезінде салқындатқыш жүйесініңсуыту түтікшесінің бөлшектерін зақымдалып кетпеуіне назар аударыңыз.

Салқындатқыш өнімнің шашырандылары жанып кетіп көзді жарақаттауы мүмкін.

Зақымдалған жағдайда

- Тоңазытқышты ашық оттан және тұтану бұлақтардан аулақ ұстаңыз,
- Бөлмені жақсылап желдетіп алыңыз,
- Тоңазытқышты өшіріп ашаны розеткадан шығарыңыз,
- Сервис қызмет көрсету орталығына хабарлаңыз.

Бұйымдағы салқындатқыш заттың мөлшері неғұрлым көп болса, ол тұратын панажайдың көлемі де соғұрлым үлкен болуы тиіс. Тым кішкентай панажайларда салқындатқыш зат жылыстаған жағдайда жанғыш газ-ауа қоспасы пайда болуы мүмкін.

Салқындатқыш заттың әр 8 грамына кемінде 1 м³ кеңістік келіп отыруы тиіс. Бұйымыңыздағы салқындатқыш заттыңмөлшері бұйымның ішіндегі зауыттық тақташада көрсетілген.

Егер желіге жалғайтын сым зақымдалған болса, оны өндіруші, сервис орталығы не тиісті білікті өкіл айырбастауы тиіс. Тиісті түрде орнатылмауы және жөндеу пайдаланушыға қауіп төндіруі мүмкін.

Бұйымды жөндеу жұмыстарынте өндіруші, сервис қызметі немесе тиісті құзырлы тұлға ғана жүргізе алады.

Тек өндіруші тарапынан шығарылған түпнұсқа бөлшектерін ғана пайдалануға рұқсат етіледі. Тек осылар ғана қауіпсіздік техникасы талаптарын орындай алады деп шығарушы тарапынан кепілдік беріледі.

Қоректендіру сымының ұзарту жұмыстары тек сервистік қызмет мамандар тарапынан өткізілуі тиіс.

Пайдалану барысында

- Бұйымның ішінде электр аспаптарын ешқашан қолданбаңыз (мысалы қыздырғыш бұйымдарды, электр мұз дайындайтын аспаптарды). Жарылу қаупі бар!
- Бұйымның мұзын ешқашан бу тазалағышпен немесе тазаламаңыз! Бу электр бөлшектеріне тиіп, қысқа тұйықталуды тудыруы мүмкін. Электр тоғының әсеріне түсу қаупі бар!
- Қырау не мұз қабатын кетіру үшін үшкір немесе өткір жиекті заттарды қолданбауыңыз лазым, себебі. бұл әрекет арқылы суыту жүйесінің түтікшесін зақымдап кетілуі мүмкін. Суыту жүйесінің шашырандылары жанып не көзді жарақаттауы мүмкін.
- Тез тұтанатын ығыстырғыш-газы бар (мысалы, аэрозольдік баллондар) бұйымдар мен жарылу қаупі бар заттарды сақтауға болмайды. Жарылу қаупі бар!
- Астыңғы жәшіктерді, суырмааларды, есіктерді орындық не тіреу ретінде қолдануға болмайды.
- Мұзды не бұйымды тазалау үшін бұйым айырын розеткадан суырып немесе сақтандырғышты істен шығарып алу керек. Ашасын розеткадан желілік сымнан тартпай, айырдан ұстап суырыңыз.
- Жоғары проценттік спирттік ішімдіктерді тек аузы жабық, тігінен қойылған ыдыста ғана сақтау керек.
- Бұйымның пластик бөлшектері және есігінің нығыздамасына майдың не тоңмайдың тамшылары тамып кетуін болдыртпаңыз, себебі осы майлар пластик бөлшектер мен есіктің нығыздамасының кеуекті болып кетуіне апара алады.

- Бұйымның желдеткіш және ауаны тартып шығаратын саңылауларын ешқашан жаппаңыз немесе қалқаламаңыз.
- Физикалық, сенсорлық не психикалық қабілеттері шектеулі немесе білімі жеткіліксіз тұлғалар (соның ішінде балалар) бұл бұйымды тек қана осы тұлғалардың қауіпсіздігі үшін жауап беретін тұлғаның қадағалауымен не бұйымды пайдалану тәртібімен танысқаннан кейін пайдалануы тиіс.
- Бөтелкелерге не мыс банкаларға құйылған сұйықтарды (әсіресе газдалған сусындарды) мұздатқыш бөлімінде сақтауға болмайды. Бөтелкелер мен құтылар жарылып кетуі мүмкін!
- Тоңазытылған өнімдерді мұздатқыш бөлімінен шығара салысымен бірден ауызға салмаңыз. Мұздан күйіп кету қаупі бар!
- Қолыңызды мұздатылған өнімдерге, мұзға не буландырғыштың түтікшесіне және т.б. ұзақ уақыт тигізіп тұрмаңыз. Мұздан күйіп кету қаупі бар!

Балалар мен үй шаруашылығы

- Бұйым орамасын және бөлшектерін балаларға бермеңіз. Полиэтиленді қаптамада мен жиналмалы қатырмақағаз қапшықтарында тұншығып қалу қауібі бар!
- Бұйым – балаларға арналған ойыншық емес!
- Есіктік құлпы бар бұйымда: Кілтті балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз!

Жалпы анықтаулар

Құрылғы төменде көрсетілген мақсаттармен қолданыла алынады:

- тағамдарды тоңазыту және мұздату,
- мұз дайындау.

Бұл бұйым үй шаруашылығында және тұрмыстық пайдалануға және тұрмыстық салаға арналған.

Бұйым 2004/108/ЕС ЕО директивасына сәйкес радиобөгеттерінен қорғалған.

Салқындатқыш агенттің циркуляциялық кескінінің тығыз қымталуы тексерілген.

Осы бұйым электр аспаптары қауіпсіздігі туралы ережеге (EN 60335-2-24) сәйкес келеді.

Көдеге жарату бойынша қатысты нұсқамалар

Ораманың көдеге жаратылуы

Орама тасымалдау уақытында бұйымыңызды зақымданудан қорғайды. Барлық орама материалдар қоршаған ортаға зиян келтірмейді және қайта өңделуі мүмкін. Қоршаған ортаны қорғауға өз үлесіңізді салып көмек етіңіз: ораманы экологиялық нормаларға сәйкес көдеге жаратыңыз.

Көдеге жаратудың көкейкесті жолдары туралы бұйымды сататын сатушыдан немесе жергілікті әкімшіліктен сурап біле аласыз.

Ескі бұйымды көдеге жарату

Пайдалану мерзімі аяқталған бұйымдарға қажетсіз қоқыс деп қарамау керек! Оларды экологиялық таза түрде көдеге жаратқан жағдайда олардан қайтадан бағалы шикізат алуға болады.



Бұл бұйым Еуропа Одағының 2002/96/EG Электрлік және электронды құрылғылар туралы Директивасының (waste electrical and electronic equipment – WEEE) талаптарына сәйкес келеді. Осы Директива Еуропа Одағында қолданылатын ескі аспаптарды қайтару мен көдеге жаратудың ережелерін реттейді.



Абай болыңыз

Пайдалануы аяқталған бұйымдарда

1. Ашасын розеткадан суырып алыңыз.
2. Кабелін бөліп, ашасымен бірге алыңыз.
3. Балалардың жәшіктер мен контейнерлердің ішіне енуіне жол бермеу үшін оларды шығармаңыз!
4. Пайдалану мерзімі аяқталған бұйыммен ойнауға балаларға рұқсат бермеңіз. Қылқынып қалу қаупі бар!

Суытқыш аспаптардың ішінде суытқыш заттар және оқшауламасында газдар бар. Суытқыш заттармен газдар білікті түрде көдеге жаратылуы тиіс. Суытқыш зат контурының түтікшелері білікті түрде көдеге жаратылғанға дейін зақымдалмауы тиіс.

Жеткізіліп берілетін жиынтықтың көлемі

Орамасын ашып. Бұйымның барлық бөлшектерін тасымалдау кезінде зақымданулы бар не жоғын тексеріп шығыңыз.

Щағымдарыңыз болса бұйымды өзіңізгесатқан сатушыға не біздің сервис орталығымызға осы шағымдар туралы хабар беріңіз..

Жеткізіліп берілетін жиынтығы құрамына төмендегілер кіреді:

- Кіріктірме электрбұйым
- Жабдықталуы моделіне байланысты
- Орнату үшін материалы салынған дорба
- Пайдалану туралы нұсқаулығы
- Орнату жөнінде нұсқаулар
- Сервистік кітапша
- Кепілдік құжаты
- Энергияны тұтыну мен шуыл деңгейі туралы мәліметтер

Бөлме температурасы, вентиляция және ойықша тереңдігі

Бөлме температурасы

Бұл бұйым белгілі бір климаттық топта жұмыс істеуге арналған. Климаттық топқа байланысты. Бұйымды келесі бөлме температуралары жағдайында пайдалануға болады.

Климаттық топ зауыттық тақшада көрсетілген, **16** сурет.

| Климаттық топ | Лайықты бөлме температурасы |
|---------------|------------------------------|
| SN | +10 °C және 32 °C аралығында |
| N | +16 °C және 32 °C аралығында |
| ST | +16 °C және 38 °C аралығында |
| T | +16 °C және 43 °C аралығында |

Ескерту

Бұйым көрсетілген климаттық топтың бөлме температурасы шегінде толығымен жұмыс істеуге жарамды. Бұйымды +5 °C дейін бөлме температурасы жағдайында пайдаланған жағдайда SN тобындағы бұйымның зақымдалуы мүмкін емес.

Желдету

Электрбұйымның артқы жақ қабырғасындағы ауа жылынады. Жылы ауа бөгетсіз желдетіліп тұруы керек. Әйтпесе салқындатқыш машина жоғары істейді және электр қуатының пайдалуы көбейіп кетеді. Сондықтан: Вентиляция және ауаны сорғызып шығаратын саңылауларды ешқашан үстінен немесе шетінен жауып қоймаңыз!

Ойықша тереңдігі

Бұл электрбұйым үшін ойықша тереңдігінің 560 мм болуын ұсынамыз. Көлемі кішірек ойықшаларда – ең азында 550 мм – электрқуат тартылуы шамалы көлемде арттырылады.

Орнатылатын жері

Орнату үшін құрғақ, желдетілетін жер лайықты болады. Орнатылатын жері тікелей күн сәулесі түсетін жерде не пешьер, жылытқыш және т.б. осыларға ұқсас жылу көзіне жақын орналаспауы тиіс. Егер жылу көзінің жанынан өзге жерге орнату мүмкін емес болса, лайықты оқшаулағыш пешін қолданыңыз не жылу көзіне дейін төмендегідей ең жақын арақашықтықты қалдырыңыз:

- электр не газ плиталарына дейін – 3 см.
- май не көмірмен істейтін плиталарға дейін 30 см.

Бұйымның қосылуы

Бұйым қосылғаннан кейін пайдалануға дайын уақытына дейін кемінде бір сағат өтуі керек. Тасымалдау уақытында майдың сығымдағыштан салқындату жүйесіне түсуі мүмкін.

Алғашқы пайдалану алдында бұйымды ішінен жуыңыз («Құрылғыны жуу» тарауын қараңыз).

Электржелісіне қосу

Электрлік розетка бұйымның жанында болуы тиіс және оны орнатқаннан кейін оңай қол жетімді болуы тиіс.

Тоңазытқыш I қорғау сыныптамасына сай келеді. Тоңазытқыш дұрыс орнатылған розетка арқылы 220–240 В/50 Гц айнымалы электр тоғына қосылады. Розетка 10–16 Ампер сақтандырғышымен қорғалған болуы тиіс.

Бұйымдарды Еуропадан тыс елдерде пайдаланған жағдайда берілетін кернеу мен ток түрінің өзіңіздің электрлік желіңіздің параметрлеріне сай келетін-келмейтінін тексеріп алу қажет. Бұл деректерді бұйым таңбасында таба аласыз, **16** суреті.




Абай болыңыз

Бұйымды энергия үнемдейтін электр розеткаларға қосуға тыйым салынады.

Бұйымдарымыздың жұмыс істеуі үшін синустық және автономды емес инверторларды пайдалануға болады. Автономды емес инверторлар ортақ электр желісіне тікелей қосылған фотогальваникалық электр бұйымдарда пайдаланылады. Ортақ электр желісіне қолды жеткізбейтін құралдар үшін (мысалы, кемелерде немесе тауларда) синуспен жүргізілетін инверторларды қолдану керек.

Бұйыммен танысу



Суреттері бар ең соңғы бетті ашуыңызды өтінеміз. Пайдалану жөніндегі бұл жетекші құрал бірнеше модельдер үшін жарамды.

Модельдердің жабдықталынуы өзгеріп отыруы мүмкін.

Суреттерде өзгешеліктер болуы мүмкін.

1 суреті

* Барлық үлгілерде бірдей бар бола бермейді.

- 1-9 Басқару орынның бөлшектері
- 10 * Вентилятор
- 11 Жарық
- 12 Суыту бөлімшесіндегі әйнек сөре
- 13 Суырып алынатын сөре
- 14 Көкөністер бөлімі
- 15 * Жидектер салу үшін сауыт
- 16 Мұздату күнтізбесі
- 17 Мұздатылатын тағам бөлімі
- 18 Май және ірімшік бөлімі
- 19 Есіктегі сөре
- 20 * Есіктегі Vario сөрелер
- 21 Көлемі ірі шишалар үшін

- A Тоңазытқыш камера
- B Мұздатқыш камера

Басқару орынның бөлшектері

2 суреті

- 1 **Қосу/Өшіру түймешігі**
Негізінен құрылғының іске қосу мен өшіру үшін пайдаланылады.
- 2 **Мұздату бөлімі үшін Super-түймешегі.**
Super-мұздатуды қосу және өшіру үшін қолданылады.
- 3 **Мұздату бөлімшесі үшін температура таңдау түймешегі**
Осы түймешек арқылы мұздату бөлімінің температурасын таңдап орнатуға болады.
- 4 **Мұздату бөлімшесіндегі температура көрсеткіші**
Көрсетілетін °C сандары мұздату бөліміндегі °C температураларына сай келеді.
- 5 **Сақтандыру түймешегі**
Сақтандыру белгісін өшіру үшін қолданылады ("Сақтандыру функциялары" тарауын оқыңыз).
- 6 **Демалыс түймешегі**
Демалыс модусын қосу және өшіру үшін қолданылады ("Демалыс модусы" тарауын оқыңыз).
- 7 **Суыту бөлімі үшін температура таңдау түймешегі**
Осы түймешек арқылы суыту бөлімінің температурасын таңдап орнатуға болады.
- 8 **Тоңазыту бөліміндегі температура көрсеткіші**
Сандар °C көрсетілген тоңазыту бөліміндегі температураларына сай келеді.
- 9 **Суыту бөлімі үшін Super-түймешегі**
Super-суыту функциясын қосу және өшіру үшін қолданылады.

Бұйымды қосу

2 суреті

1. Тоңазытқыш “қосу/өшіру”-түймеше 1 арқылы іске қосылады.

Сақтандыру белгісі естіледі, 4 температура көрсеткіші жылпылдап жанып, 5 сақтандыру түймешегі жанады.

2. 5 сақтандыру түймешегін басу арқылы сақтандыру дыбысты белгісі өшіріліп қойылады.

Электрбұйым суыта бастайды. Есік ашылғанда шам жүйесі қосылады.

Зауыт келесі температураны ұсынады:

- Суытқыш бөлімі +4 °С
- Мұздатқыш бөлімі -18 °С

Құрылғының жұмысына қатысты нұсқамалар

- Электрбұйымды қосқаннан кейін таңдалған температура деңгейіне жеткенше дейін бірнеше сағат керек болуы мүмкін.
Таңдалған температура болмай тұрғанда тағамдарды тоңазытқышқа салуға болмайды.
- Бұйым тұрқысының маңдай жақтары жарым-жартылай біраз жылытып тұрады, бұл есік тығыздалуы бөлігінде конденсациялық ылғалды пайда болуы болдыртпайды.
- Егер мұздатқыш бөлімінің есігі жабылғаннан кейін дереу ашылмаса, қысым айырмашылығы теңгерілмейінше дейін тосыңыз.

Температурасын қою

2 суреті

Тоңазытқыш камера

Температура деңгейін +2 °С дан +8 °С дейін орнатып қоюға болады.

7 температура деңгейін таңдау түймешегін тоңазыту бөлімінде өзіңіз тілеген температурасы орнатылғанынша дейін баса беріңіз.

Соңғы орнатылған көрсеткіш бұйым жадысында сақталынады. Таңдалып орнатылған температура 8 көрсеткішінде көрсетіледі.

Мұздатқыш бөлімі

Температура деңгейін -16 °С дан -24 °С дейін орнатып қоюға болады.

3 температура деңгейін таңдау түймешегін өзіңіз тілеген мұздатқыш температурасы орнатылғанынша дейін баса беріңіз.

Соңғы орнатылған көрсеткіш бұйым жадысында сақталынады. Таңдалып орнатылған температура 4 көрсеткішінде көрсетіледі.

Демалыс тәртібі

Ұзақ сапарға кеткенде тоңазытқышты электр қуатын үнемдеу демалыс тәртібіне қойып кетуге болады.

Суыту бөлімшесіндегі температурасы автоматты түрде +14 °C өзгереді.

Бұл мерзімде суыту бөлімшесіндегі тағамдарды сақтауға болмайды.

Қосу және өшіру

2 суреті

"Демалыс"6 түймешегін басыңыз.

Демалыс модусы қосылғанда түймешек жанып, суыту бөлімшесінің температура 8 көрсеткіші температура деңгейін көрсетпейді.

Дабыл функциясы

Есік дабылы

Есіктің дыбысты белгісі (ұзақ дыбысты белгі) электрбұйым есігі бір минуттан аса ашық болып тұрғанда қосылып кетеді. Есік жабылғанда дабыл өшіріледі.

Температура дабылы

Дыбысты температура көрсеткіш мұздатқыш бөлімшесінің тым жылынып, мұздатылған бұйымдар үшін қауіп пайда бола бастағанда қосылып кетеді.

5 сақтандыру түймешегін басқаннан кейін мұздату бөлімшесіндегі 4 температура көрсеткіші бес секунд бойынша мұздату бөлімшесінде осыған дейін болған ең жылы температураны көрсетіп тұрады.

Одан кейін бұл көрсеткіш өшіріледі. Мұздату бөлімшесіндегі 4 температура көрсеткіші орнатылған температураны жылпылдай жанбай отырып көрсетеді.

Осы сәттен бастап ең жылы температура деңгейі жаңдан белгіленіп, бұйымның жадысында сақталады.

Мұздатылатын бұйымдарға еш қауіп тұдырмай сақтандыру дыбыс белгісі келесі жағдайларды қосылып кетуі мүмкін:

- электрбұйымын іске құсуда,
- жоғары көлемде ішіне жаңа азық-түліктерді салғанда,
- мұздатқыш бөлімшесінің есігін тым ұзақ уақыт бойынша ашылып тұрғанында.

Ескерту

Мұзы аздап еріген не әбден еріген өнімдерді қайта мұздатпаған жөн. Осы өнімдерді тек дайын даярланған түрде ғана (пісірілген не қуырылған түрінде) өзірлеп болғаннан кейін ғана оны қайтадан мұздатуға болады.

Өнімдерді жарамдылық мерзімі өткенге дейін пайдалану ұсынылады.

Қауіп білдіретін дыбысты көрсеткішті өшіру

2 сурет

Дабыл белгісін өшіру үшін 5 дабыл түймешекті басыңыз.

Қолдану үшін сыйымдылық көлемі

Қолдану үшін сыйымдылық көлемі бойынша мәліметтер құрылғының кестесінде көрсетілген. 16 суреті

Мұздатқыш бөлімінің толық көлемін пайдаланыңыз.

Көп мөлшердегі өнімдерді салу үшін қосалқы бөлшектердің бәрін шешіп шығарып алуға болады. Бұл жағдайда өнімдерді тікелей сақтау бөлімшелеоінде және мұздатқыш бөлімінің түбіне қоюға болады.

Бұйымның жабдықтарын шығарып алыңыз

Өнімдерге арналған мұздату сауытын толығымен дейін суырып алыңыз, алды жағынан жоғарыға қарай көтеріп, бұйымнан шығарып алыңыз. 3 суреті

Суыту бөлімі

Суыту бөлімшесі ет, шұжық, балық, сүт бұйымдары, жұмыртқалар, даяр тағамдар мен нан-бөлке өнімдерін сақтау үшін мінсіз жер.

Өнімдерді салғанда төмендегілерге назар аударыңыз

- Тоңазытқышқа тек жаңа және бұзылмаған өнімдерді ғана салыңыз. Бұл жағдайда өнімдердің сапасы мен балғындығы ұзағырақ уақыт бойынша сақталады.
- Даяр бұйымдар мен орама салыңған өнімдерде шығарушы тарапын қорап не орамаларда көрсетілген сақтау және тұтыну мерзімдеріне назар аударыңыз.
- Өнімдердің жұпарын, түсі мен балғындығын сақтай алу үшін азық-түліктерді жақсылап орамалап немесе жауып қойып салу арқылы суыту бөлімшесіндегі дәмдердің басқа өнімдерге өтуіне, пластик бұйымдарының түс өзгеруіне жол бермейді.
- Жылы тағамдарды және сусындықтарды суытып тоңазытқышқа қойыңыз.

Ескерту

Азық-түліктер мен тағамдардың артқы қабырғаға тиіп кетуін болдыртпауыңыз керек, себебі ол ауа алмасуына бөгет бола алады,

азық-түліктер мен қорапшалардың артқы қабырғаға жабысып мұздап кетуіне апара алады.

Тоңазыту бөліміндегі суық зоналарына назар аударыңыз

Тоңазыту бөліміндегі ауа алмасуы арқылы суықтың әртүрлі деңгейлі зоналар пайда болады:

- Ең суық зона бүйірлік деңментпен белгіленген тілі мен оның астында жатқан әйнек өресі арасында.

5 суреті

Ескерту

Ең суық зонасында тез бұзылатын азық-түліктерін сақтаңыз (мысалы балық, шұжық, ет).

- Ең жылы зона – есік жанындағы ең жоғарыдағы бөлімі.

Ескерту

Ең жылы зонасында мысалы қатты түрлі ірімшіктер мен майды сақтаңыз. Ірімшік өзінің жұпарын әріғарай арттырып, май аса қатпай жағуға дайын болып тұра береді.

Ылғалдылық реттегіші бар көкөніс салу үшін сауыт

4 суреті

Көкөніс сауыты жаңа жеміс пен көкөністерді сақтау үшін мінсіз жер. Ылғалдық реттегіші және арнайы тығыздағыш арқасында көкөніс сауытындағы ауа ылғалдығын лайықтап тұруға болады. Ол жаңа жеміс пен көкөністердің сақтау мерзімін, қалыптағыдай сақтау тәсілімен салыстырғанда, екесе ұзағырақ етеді.

Көкөніс сауытындағы ауа ылғалдылығын сақталатын өнімдердің түрі мен көлеміне қарай реттеп орнатуыңызға болады:

- көбінесе жеміс, көп көлемде толтыруда – ауа ылғалдығының төмен деңгейі
- көбінесі көкөністер, аралас өнімдер салынғанда немес салыңған бұйымдардың көлемі төмен болғанда – ауа ылғалдығының жоғары деңгейі

Нұсқаулар

- Суыққа сезімтал жеміс (мысалы ананас, банан, папайя және цитрус тұқымды жеміс) пен көкөністерді (мысалы баялды, қияр, кәдіш, бұрыш, қызанақ және картоп) өздерінің сапасы мен жұпарларын сақтау үшін тоңазытқышқа салмай, температурасы +8 °C тен +12 °C дейін ортада сақтау لازم.
- Көкөніс сауытындағы контейнерінде – сақталатын өнімдер мен осы өнімдердің көлеміне байланысты – конденсациялық ылғал суының пайда болуы мүмкін. Конденсациялық суды құрғақ шүберекпен сүртіп, көкөніс сауытындағы ауа ылғалдылығын ылғалдық реттегіш арқылы лайықтаңыз.

Super-суыту

Super-суытуда суыту бөлім шамасы 15 сағат бойынша мүмкін болғанша суық деңгейде суытылып тұрады. Осыдан кейін ол автоматты түрде Super-суытуға дейін орнатылған температураға ауысады.

Super-суыту қосу, мысалы

- тағамдар үлкен мөлшемде салынса.
- сусындарды тез түрде суыту үшін.

Ескерту

Super-суыту жүйесі қосылып тұрғанда бұйымның жұмыс істуіне байланысты шуыл пайда болуы мүмкін.

Қосу және өшіру

2 суреті

9 Суыту бөлімшесі Super-түймешегін басыңыз.

Super-суыту қосылғанда осы түймешек жанып тұрады.

Мұздатқыш бөлімі

Мұздатқыш бөлімін қолдану

- Жылдам мұздатылған өнімдерді сақтау үшін.
- Мұз текшелерін жасау үшін.
- Өнімдерді мұздату үшін.

Ескерту

Мұздатқыш камера есігінің әрдайым жабулы болуына назар аударыңыз! Есігі ашық кезде өнімдер ери бастайды, ал мұздатқыш бөлімінің мұз басады. Оған қоса: тоқтың асқын мөлшерде тұтынылуына байланысты электр қуаты ысырап болады!

Ең жоғары мұздату қабілеті

24 сағаттың ішінде ең жоғары мұздату қабілеті туралы мәліметтер құрылғының кестесінде көрсетілген. 16 суреті

Ең жоғары мұздату көлемі үшін талаптар

- Жаңа өнімдерді салу алдынан Super-мұздату функциясын қосыңыз ("Super-мұздату" тарауын оқыңыз).
- Жабдық бөлшектерін шығарып алыңыз; азық-түлік өнімдерді бұл жағдайда тікелей сақтау бөлімше және мұздатқыш бөлімінің түбіне қоюға болады.
- Көп мөлшерлі өнімдерді ең жоғарғы бөлімшесінде тез мұздатылады. Егер ең жоғарғы бөлімше бұйымның зауыттық тақташасында көрсетілген мұздату көлемі үшін жеткіліксіз болса, осы бөлімшеге сыймай қалған өнімдерді осы бөлімшесінің астындағы бөлмешеді алдыңғы оң жақтан бастай отырып салуыңызға болады.
- Жаңа өнімдерді мүмкіншілігінше қабырғаға жақынрақ жерде мұздатыңыз.

Мұздату және сақтау

Жылдам тоңазытылған өнімдерді сатып алу

- Өнімдер орамасы зақымдалмаған болуы керек.
- Өнімнің жарамдылық мерзіміне көңіл аударыңыз.
- Сату сәтіне дейін өнімнің сақталу температурасы - 18 °C жоғары болмауы керек.
- Жылдам тоңазытылған өнімдерді жеке арнайы мұздату пакетте тасыған және тезірек мұздатқышқа қойған лазым.

Өнімдерді орналастыру кезінде төмендегілерге назар аударыңыз:

- Көп мөлшерлі өнімдерді жоғарғы бөлікте мұздату жөн Олар онда тезірек мұздайды, соның арқасында пайдалы қасиеттері көбірек сақталады.
- Көп көлемді өнімдерді сөрелерде, сондай-ақ мұздатылған өнімдерге арналған сауыттарда бөліп салуға болады.

Ескерту

Мұздатылып қойылған өнімдерді енді ғана мұздатылатын жаңа өнімдермен жанаспауы лазым. Керек болса, мұздатылған өнімдерді басқа сауытқа ауыстырып салуға болады.

Мұздатылған өнімдерді сақтау

Ауаның мінсіз айналымын қамтамасыз ету үшін мұздатылған өнімдерге арналған ыдысты тірелгенше дейін алаға қарай итеріп отырып орнатыңыз.

Жаңа әкелінген өнімдерді мұздату

Мұздату үшін тек жаңа және бұзылмаған өнімдерді ғана пайдаланыңыз.

Көкөністердің қоректік заттары, хош иісі мен түсі мүмкіндігінше жақсы сақталу үшін оларды мұздатудың алдында булап алу қажет. Баклажан, бұрыш, кәдіш пен спаржаны булау қажет емес.

Сатылымда өнімдерді мұздату мен булау жөніндегі кітаптарды таба аласыз.

Ескерту

Мұздатылатын өнімдерді мұздатылып қойған өнімдерге жанастырмаған жөн.

- Төмендегі өнімдерді мұздатуға болады:
Нан-тоқаш бұйымдары, балық және теңіз өнімдері, ет, аңдар еті, үй құс еті, көкөністер, жемістер, шөптер, қабығы алынған жұмыртқа, ірімшік, май және сүзбе сияқты сүт өнімдері, дайын тағамдар және келесі тағамдардыңқалғандарын: көже, қою көже, дайын ет және балық, картоптағамдары, бәліштер мен тәтті тоқбасарлар.
- Мұздатылмайтын тағамдар:
Әдетте шикі түрінде желінетін көкөністердің сұрыптары, атап айтқанда жапырақты салаттар, шалғам, қабығы алынбаған жұмыртқа, жүзім, бүтіндей күйінде алма, алмұрт және шабдалы, бітеудей пісірілген жұмыртқа, йогурт, қатық, кілегей, қаймақ және майонез.

Мұздат үшін өнімдерді жақсылап буып-түю

Өнімдердің дәмі кетпеу үшін не кеуіп қалмау үшін оларды жақсылап қымтап жабыңыз.

1. Өнімдерді орамағасалыңыз.
2. Ішіндегі ауасын түгелдей шығарып алыңыз.
3. Ораманы қымталап жабыңыз.
4. Орама үстінен ішіндегі заттың атауын және мұздатылған күнін жазыңыз.

Сақтау үшін жарамды орама түрлері:

Пластикалық орауыштар, полиэтилен, алюминий пленкалар, қанылтыр бөтелкелер.

Осы бұйымдарды мамандандырылған дүкендерде сатып ала аласыз.

Орама ретінде төменде көрсетілгендер лайықсыз:

Орап-қаптауға арналған және пергамент қағаз, целлофан, қоқыс салуға арналған қаптар және сауда жасауға арнап қолданылған қапшықтар.

Қымталау үшін төмендегілерді қолдануға болады:

Резеңкеден жасалған сақиналарды, пластмассадан жасалғанқысқыштарды, шпагатты, аязға шыдамды жабысқақ таспаны және т. б.

Полиэтилен қабықшадан жасалған қаптар мен жеңді қабықшаны дәнекерлеуге арналған аппаратпен дәнекерлеуге болады.

Мұздатылған өнімдердің жарамдылық мерзімі

Жарамдылық мерзімі өнімнің түріне байланысты.

-18 °С дейінгі температурада:

- Балық, шұжық, даяр тағамдар, нан-бөлке бұйымдары:
6 айға дейін
- Ірімшік, құс еті, ет:
8 айға дейін
- Көкөніс, жеміс:
12 айға дейін

Супер мұздату

Тамақ өнімдерінің, олардың құрамындағы дәрумендер, қоректік заттар, сыртқы түрі мен дәмдік қасиеттері сақтай алу үшін, мүмкіндігінше жылдам мұздатылып қойылуы лазым.

Температураның көтерілуіне жол бермеу үшін жаңа өнімдерді салудан бірнеше сағат бұрын Супер мұздату режимін қосыңыз.

Әдетте 4–6 сағат жеткілікті болады.

Құрылғы қосылғаннан кейін ол тұрақты түрде жұмыс істейді, мұздатқыш бөлмесінде өте төмен температураға қол жеткізіледі.

Ең жоғары мұздату қабілетін пайдалану үшін терең Super-мұздату функциясын бұйымға жаңа өнімдерді салу алдынан 24 сағат бұрын қосу керек.

Аздаған мөлшердегі өнімдерді (2 кг дейін) ең жоғары бөлімшеде терең Super-мұздату функциясын қолданусыз мұздатуға болады.

Ескерту

Super-мұздату жүйесі қосылып тұрғанда істе болып тұрғанын білдіретін бірқатар дыбыстардың пайда болуы мүмкін.

Қосу және өшіру**2** суреті

2 Супер түймешегін басыңыз.

Super-мұздату қосылғанда түймешек жанып тұрады.

Super-мұздату өз-өзімен автоматты түрде шамасы 2½ күннен кейін сөндіріледі.

Мұздатылған өнімдерді еріту

Өнімдердің түрлері мен оларды одан әрі қалай пайдалануыңызға байланысты Сіздің келесі мүмкіндіктерді арасында таңдай алуыңызға болады:

- бөлме температурада
- тоңазытқыштың ішінде
- желдеткіш бар/жоқ электр пеште
- шағын толқынды пеште

**Назарыңызда болсын!**

Мұзы аздап еріген не әбден еріген өнімдерді қайта мұздатпаған жөн. Осы өнімдерді тек дайын даярланған түрде ғана (пісірілген не қуырылған түрінде) әзірлеп болғаннан кейін ғана оны қайтадан мұздатуға болады.

Мұндай өнімдерді ең жоғары сақтау мерзіміне жеткізей тұтыну қажет.

Жабдықталуы

(барлық модельдерде бірдей бар бола бермейді).

Әйнек сөрелер**6** суреті

Ішкі бөлімінің сауыттары мен сөрелерін өзіңіз тілегеніңізше алмастыруыңызға болады. Ол үшін сауытты алға тартып, алдынан біраз көтеріп, бұйымнан шығарып алыңыз.

Суырып алынатын сөре**7** сурет

Азық-түліктерді жақсырақ көріп жүру үшін суырмалы әйнек сөресін шығарып алып қоюға болады.

Vario бөлімі**8** сурет

Көлемі жоғары тоңазытылатын бұйымдарды (мысалы шәугімдер немесе шишаларды) сақтау үшін Vario бөлімінің алдыңғы бөлшегін шығарып алып артқы бөлшек астына қоя аласыз.

Май және ірімшік бөлімі**9** суреті

Май сауытың қақпақшасының ортасына аздап баяу басу арқылы май сауыты ашылады.

Есіктегі Vario сөрелер**10** суреті

Төменгі бөлімшесінде ұзын шишаларды лайықты түрде сақтау үшін есіктің Vario сөрелер позициясын бүйірден өзгерте алуыңызға болады.

Бөтелке тұтқыш

II суреті

Бөтелке тұтқыш бөтелкелерді есік ашылып жабылғанда аударылып кеткенден сақтайды.

Мұздату күнтізбесі

I/16 суреті

Мұздатылған өнімдердің сапасы төмендеп кетпеуі үшін олардың сақтауын сақтау мерзімін асырмаңыз. Сақтау мерзімі мұздатылатын өнімдердің түріне байланысты. Символдардың жанындағы сандар өнімдердің айлармен көрсетілген жарамды сақтау мерзімін білдіреді. Дүкеннен алынған жылдам мұздатылған өнімдердің жасалу күні мен жарамдылық мерзіміне назар аударыңыз.

Мұз ыдысы

Мұз ыдысын $\frac{3}{4}$ көлемінде ауыз сумен толтырыңыз және мұздатқыш бөліміне қойыңыз.

Ішінде даяр мұзы бар ыдысты дөкір заттармен (мысалы, қасықтың сабымен ғана) ашу керек.

Мұз текшелерін шығару үшін ыдысты ағып тұрған судың астына аз уақытқа ұстай тұрып немесе мұз ыдысын сәл бұраңыз.

Суықтық аккумуляторы

(жинақтамада бар болса, бөлшектер саны моделге байланысты әртүрлі болады)

Тоқ берілуі тоқтатылып қалғанад немесе бөгет пайда болғанында суықтық аккумулятор сақталатын өнімдердің қызуын баяулатады. Ең ұзақ сақтау мерзіміне жету үшін ең жоғарғы жәшіктегі суықтық аккумуляторын өнімдердің үстіне қойыңыз.

Суықтық аккумуляторларын өнімдерді қысқа уақыт бойынша суыту үшін (мысалысуыту дорбасында) тоңазытқыштан шығарып алуға болады.

“OK” жапсырмасы

(барлық модельдерде бірдей бар бола бермейді).

“OK” жапсырмасымен +4 °C төменрек температура деңгейлерін белгілеуге болады. Жапсырма “OK” көрсеткішін көрсетпей тұрса, температураны ақырындап суықрақ деңгейге орнатыңыз.

Ескерту

Электрбұйымды іске қосқан уақытта орнатылған температураға жету үшін 12 сағатқа дейін уақыт өтуі мүмкін.



Дұрыс орнату

Тоңазытқышты өшіру және істен шығару

Бұйымды өшіру

суреті

1 Қосу/Өшіру түймешегін басыңыз. Температура көрсеткіші сөніп, тоңазытқыш өшіріліп қойылады.


Бұйымды істен шығару

Егер Сіз құрылғыны ұзақ уақыт бойынша пайдаланбайтын болсаңыз:

1. Бұйымды өшіріңіз.
2. Штепсельдік ашаны суырып немесе сақтандырғышты өшіріңіз.
3. Бұйымды тазалаңыз.
4. Бұйымның есігін ашық күйінде қалдырыңыз.

Еріту

Тоңазытқыш камера

Тоңазытқыш жұмыс істеп тұра бергенде мұздату бөлімінің артқы жағындағы қабырғасында еріген су тамшылары немесе тоң қабаты пайда болып жатады. Бұл құбылыстар электрбұйымның жұмысына байланысты. Еріген су тамшыларын немесе тоң қабатын сүртуіңіз керек емес. Артқы қабырғасы өз өзімен автоматты түрде еріп тұрады. Еріген су тріген су үшін науасына ағып тұрады,  сурет Еріген су еріген су науасынан тоңазыту бөліміне ағып, сол жерде бұға айналып кетеді.

Ескерту

Еріген суының ағып шығуын мүмкін етіп тұру үшін еріген су науасы мен су ағатын саңылауының үнемі таза болып тұруы тиіс.

Мұздатқыш бөліміндегі еріту

Мұздатылған өнімдерің ери бастауын болдыртпау мұздату бөлімшесі өзөзімен автоматты түрде ери бастай алмайды. Мұздату бөліміндегі тоң қабаты мұздатылатын бұйымдарға берілетін суықтық деңгейін нашарлатып, электрбұйымның тоқ қолдану көлемін арттырады. Тоң қабатын үнемі кетіріп тұрыңыз.



Назарыңызда болсын!

Тоң қабатын немесе мұзды пышақпен немесе басқа өткір заттармен қырмаңыз. Салқындатқыш-құбырлары бұзылып кетуі мүмкін. Суыту жүйесінің шашырандылары жанып не көзді жарақаттауы мүмкін.

Төменде көрсетілгендей әрекет етіңіз:

Ескерту

Азық-түлік бұйымдары аса төмен температураға жетіп, кейірек бөлме температурсында ұзағырақ уақыт бойынша сақтала алынуын мүмкін ету үшін еріту бастауға дейін 4 сағат қалғанда Super-мұздату жүйесін қосып қойыңыз.

1. Мұздатылған өнімдер шығарып алып, уақытша салқын жерде сақтаңыз.
2. Бұйымды өшіріңіз.
3. Қоректендіру айырын суырып алыңыз немесе сақтандыру құрылғысын өшіріңіз.

4. Еріту процессін жеделдету үшін ыстық ыдыстарды қою үшін тығырық үстінен ішіне ыстық су құйылған ыдысты мұздатқыш бөліміне қойыңыз. **13** суреті
5. Еріген суды шүберекпен немесе ысқышпен кетіріңіз.
6. Мұздатқыш бөлімінің сүртіңіз.
7. Бұйымды қайта қосыңыз.
8. Мұздатылған өнімдерді бұйымға кері қойыңыз.

5. Аспапты жұмсақ шүберекпен, жылы сумен не рН-бейтарап жуғыш құралмен тазалаңыз. Бұл жағдайда су шам жүйесіне не ағыту саңылауы арқылы буландырғышқа еніп кетпеуі тиіс.
6. Есіктердің тығыздағышын тек таза сумен ғана жуып алып, жақсылап әбден құрғатып алу керек.
7. Тазалап алғаннан кейін бұйымды электр желісіне қайта жалғап қосыңыз.
8. Өнімдерді қайтадан ішіне салыңыз.

Бұйымды тазалау



Назарыңызда болсын!

- Құрамында құм, хлорид не қышқыл бар тазалау не еріткіш заттарын қолданбаңыз.
- Абразивтік жуу заттарын және қырғыш ысқыштарды қолданбаңыз. Темір бөлшектер үстінде коррозия пайда болуы мүмкін.
- Контейнерлер мен таяқшаларды ешқашан ыдыс жуғыш машинасында жумаңыз. Бөлшектер өз пішінін жоғалтуы мүмкін!

Төменде көрсетілгендей әрекет етіңіз:

1. Тазалау алдында бұйымды өшіріп қойыңыз.
2. Штепсельдік ашаны суырып немесе сақтандырғышты өшіріңіз.
3. Ішіндегі өнімдерді шығарып алып, салқын жерге қойыңыз. Суыту аккумуляторын (егер бар болса) ө шығарылып қойылған өнімдерінің үстіне жатқызып салыңыз.
4. Қырау ерігенше дейін тосыңыз.

Жабдықталуы

Тазалау үшін тоңазытқыштың бірнеше бөлшектері шығарылып алынады.

Әйнек өресін шығарып алыңыз

6 суреті

Ол үшін сауытты алға тартып, алдынан біраз көтеріп, бұйымнан шығарып алыңыз.

Шығарыла алынатын әйнек сөрені шығарып алыңыз

7 суреті

Астыңғы жағындағы тұтқаларын екі жағынан басңыз, әйнек сөресін алға қарй тартыңыз, төмендетіңіз де бүйірлеп төңкере отырып шығарыңыз.

Еріген су үшін науа

12 суреті

Еріген суының ағып шығуын қамтамасыз ету үшін еріген су науасы мен су ағатын саңылауын үнемі мақталы таяқшамен немесе осыған ұқсас заттармен тазалаңыз.

Май және ірімшік бөлімін шығарып алыңыз

9 суреті

Бөлімді тазалау үшін оны астынан көтере отырып, бұйымнан шығарыңыз.

Есіктегі сақтау өрешелерін шығарып алыңыз

14 суреті

Өрешелерді жоғарыға қарай біраз көтеріп отырып шығарыңыз.

Әйнек сөресін көкөніс салатын сауыты үстінен шығарыңыз

15 суреті

Әйнек сөресін тазалау үшін оны бұйымнан шығарып, бөлшектеп алыңыз.

Ескерту

Әйнек сөресін шығару алдынан көкөніс салатын сауытын шығарып алыңыз.

Сауыты шығару

3 суреті

Сауытты толығымен алға тартып, алдыңғы жағынан біраз көтеріп отырып шығарыңыз.

Иістер

Егер жағымсыз иістер пайда болса:

1. Электрбұйымды “Қосу/Өшіру” түймешегін басу арқылы өшіріңіз.
2/1 суреті
2. Тоңазытқыштан барлық тағамдарды шығарыңыз.
3. Бұйымның ішін тазалаңыз (“Бұйымды тазалау” тарауын оқыңыз).
4. Орамалар мен қораптардың бәрін тазалаңыз.
5. Жағымсыз иістердің пайда болуын болдырмау үшін иістері аса қатты шығып тұрған өнімдерді ішіне ауа кіре алмайтындай орамалаңыз.
6. Бұйымды қайта қосыңыз.
7. Өнімдерді реттеп бұйым ішіне салыңыз.
8. 24 сағаттан кейін иістердің жаңадан шыққан шықпағанын тексеріңіз.

Жарық (СИД)

Тоңазытқыш күтілмейтін светодиод жарығымен жабдықталынған.

Тек сервистік қызмет көрсету орталығында немесе уәкіл етілген мамандарда бұл жарықты жөндеуге құқығы бар.

Энергияны үнемдеу

- Бұйымды құрғақ, желдетілетін орнатыңыз. Бұйым тікелей күн сәулесі түсетін жерде не жылу көздерінің жанында (мысалы, ас үй пеші, жылыту аспаптарының жанында) қойылмауы тиіс. Қажет болған жағдайда жылу сақтағышпешін қолданыңыз.
- Ойықша тереңдік көлемін 560 мм мөлшерінде таңдап алыңыз. Көлемі кішірек ойықшаларда электрқуат тарту көлемін арттырады.
- Жылы тағамдарды және сусындықтарды суытып тоңазытқышқа қойыңыз.
- Мұзын еріту үшін мұздатылған өнімдерді суытқыш бөліміне салып, олардың суығын өнімдерді суыту үшін пайдаланыңыз.
- Тоңазытқышты қысқа уақытқа ғана ашыңыз.
- Мұздатқыш бөліміндегі қырау қабатын үнемі ерітіп отыру керек. Қырау қабаты суықтың беріліп тұруын нашарлатады және энергияның тұтынуын жоғарылатады.
- Мұздатқыш бөлімінің есігінің әрқашан жабық болып тұруына назар аударып жүріңіз.
- Электр қуатының асқын мөлшерде жұмсалыуына жол бермеу үшін құрылғының арт жағын үнемі тазартып отыру ұсынылады.
- Жәшіктердің орнатылған тәртібі бұйымның электр қуатын тұтынуына әсер етпейді.

Жұмыс шуылы

Мүлде кәдімгі шуылдар

Дүріл

Моторлардың жұмысы (мысалы, тоңазыту агрегаты, желдеткіш).

Бүлкілдейтін, ызылдайтын немесе арқырауық дыбыстар

Суытқыш заты түтіктер арқылы ағып жатыр.

Шерту

Моторды, қосқышты немесе магнит қақпағын іске қосқан / өшіргенде естіледі.

Шуыл деңгейінің жоғарылауын болдырмау

Құрылғының төгіс бетте тұрмауы

Құрылғыны ватерпастың көмегімен тегістеңіз. Керек болса, астына бір нәрсе салыңыз.

Ысырмалы жәшіктер не сөрелер тербеліп тұр не қарысып қалған

Алынбалы бөліктерінің қалай орнатылғанын тексеріңіз және қажетіне қарай оларды дұрыс орнатыңыз.

Бөтелкелер бір біріне тиіп тұр

Бөтелкелерді бір бірінен азғантай ары жылжытыңыз.

Шағығ ақаулылықтарды өз бетінше жою

Сервистік қызметіне телефон арқылы хабарламас бұрын:

Ақаулылықты келесі ұсыныстардың көмегімен өз бетіңізше жоя алу мүмкіншілікті тексеріп алыңыз.

Сіз кеңес беру үшін сервистік қызметті шақыртудың ақысын тіпті кепілдік мерзімінің ішінде төлеуге тиіссіз! –

| Бөгеттер | Ықтимал болған себебі | Ақаулылықтарды жою |
|--|--|---|
| Температура таңдалған температурадан ерекшеленеді. | | Тоңазытқышты бірнеше минутке өшіріңіз. Температура жоғары болса бірнеше сағат өткен соң температураның өзгергенін тексеріңіз. Температура төмен болса бір күн өткен соң температураның өзгергенін тексеріңіз. |
| Көрсеткіштердің бірде бірі жанбайды. | Электр қуаты жоқ; сақтандырғыштар іске қосылды; Аша дұрыс істемей тұр. | Штекерді жалғаңыз. Электр тоғының беріліп не берілмей тұрғанын – және сақтандыру құрылғысын тексеріңіз. |
| Температура көрсеткішінде „Е..“ көрсетіледі. | Электроника ақауды тақтады. | Сервистік қызмет көрсету орталығына хабарлаңыз. |
| Дабыл белгісіестіледі, апаттық түймешек жана бастайды. 2/5 суреті | Бұйым ашық. | Апаттық сигналды өшіру үшін апаттық түймешікті 5 басыңыз. Бұйым жабық. |
| Мұздатқыш бөліміндегі температура қажетті температурадан асады! Мұздатылған өнімдер үшін қауіп! | Желдету және ауаны тартып шығару саңылаулары жабылып қалған. Өнімдердің тым көп мөлшері бір мезгілде мұздатылу үшін салыңған. | Желдету және ауаны тартып шығару жүйесінің қайта қамтамасыз етіңіз. Бұйымның ең жоғары мұздату қабілетінен асып кетпеу лазым. |
| | | Апаттық түймешек 5 бөгеуілдер жойылғаннан кейін сәл уақыттан соң жыпылықтауын тоқтатады. |

| Бөгеттер | Ықтимал болған себебі | Ақаулылықтарды жою |
|---|---|--|
| Мұздату бөлімшесінің температура көрсеткіші жанады, 2/4 суреті | Бұйым ашық. | Апаттық сигналды өшіру үшін апаттық түймешікті, 2/5 суреті, басыңыз. |
| Сақтандыру дыбысты белгісі қосылады Сақтандыру белгі түймешегі жанады. 2/5 суреті | Желдету және ауаны тартып шығару саңылаулары жабылып қалған. | Бұйым жабық. Желдету және ауаны тартып шығару жүйесінің қайта қамтамасыз етіңіз. |
| Мұздатқыш бөліміндегі өте жылы болып тұр! Мұздатылған тағам бұзылып кетуі мүмкін! | Өнімдердің тым көп мөлшері бір мезгілде мұздатылу үшін салынған. | Бұйымның ең жоғары мұздату қабілетінен асып кетпеуіне назар аударыңыз. |
| Мұздату бөлімшесінің температура көрсеткіші жанады, 2/4 суреті | Мұздату бөлімшесінде бір бөгет себебінен температура деңгейі керекті дәрежеден тым жоғары болған. | Дабыл көрсеткіш бөгеуілдер жойылғаннан кейін біраз уақыттан соң сөнеді. 5 сақтандыру түймешенгін басқаннан кейін температура көрсеткішінің жылпылдап жануы өшіріледі. 2/4 суреті Температура көрсеткіші бес минут бойы мұздату бөлімшесіндегі осыған дейін болған ең жылы температурасын көрсетеді. |
| Бұйым тоңазытпай тұр, температура көрсеткіші мен шамы жанып тұр. | Шығару тәсілі қосылды. | Растау дыбысы шыққанша дейін тсақтандыру белгі түймешегін 2/5 суреттегідей 10 секунд бойынша басыңыз. Біраз уақыттан кейін электрбұйымыңыздың тоңазытып тұрған не тұрмағанын тексеріңіз. |

Тоңазытқыштың өзін-өзі тексеру

Тоңазытқыштың өзін-өзі тексеру автоматты түрде атқарылатын бағдарламасы бар. Бұл бағдарлама сервистік қызмет көрсету орталығы жөңдейтін ақауларды анықтайды.

Тоңазытқыштың өзін-өзі тексеруін бастау

1. Тоңазытқышты өшіріп 5 минут күтіңіз.
2. Тоңазытқышты іске қосу.
3. Сақтандыру белгісін өшіру үшін **2/5** суретте көрсетілгендей сақтандыру түймешегін басу керек. Егер сақтандыру белгісі естілмесе бұл қадамды өткізу керек емес.

4. Бұйымды қосқаннан кейін алғашқы 10 секунд бойынша 3 тен 5 секундқа дейін **2/2** суретте көрсетілгендей Super-түймешегін акустикалық белгі естілгенше дейін басып тұрыңыз.

Өзін өзі тексеру бағдарлама басталады. Өзін өзі тексеру тест барысында қысқа акустикалық белгі естіледі.

Өзін өзі тексеру тест аяқталып, акустикалық белгі екі рет естілгені бұйымыздың қалыптағыдай жағдайда болғанын көрсетеді.

Super-түймешегі 10 секунд бойынша жылпылдап жанып тұрып, акустикалық сигнал 5 рет шыққаны қате бар болуын көрсетеді. Тұтынушыларға қызмет көрсету бөліміне хабар беріңіз.

Тоңазытқыштың өзін-өзі тексеруін аяқтау

Осы бағдарлама аяқталғаннан кейін электрбұйым қалыпты жұмыс тәсіліне көшеді.

Пайдаланушыларға қызмет көрсету



Жақын жердегі сервис орталығын телефон анықтамалығынан не сервис орталықтарының каталогынан табасыз. Сервис қызмет көрсету орталығына қайрылғанда тоңазытқыштың нөмерін (E-Nr.) және бұйымның өндіру нөмерін (FD-Nr.) хабарлаңыз.


Бұл деректерді Сіз зауыттық тақташадан таба аласыз. **16** суреті

Бұйымның нөмірі мен құрылғының зауыттық нөмірін көрсету арқылы пайдасыз сапарға шығуымызды болдырмауға көмек етіп, . осымен байланысты қосымша шығындардың пайда болуына жол бермейсіз.


Жөндеу тапсырмалары мен бөгет кезіндегі кеңестер

Сервис қызметтерінің қоса ұсынылған тізімінде олардың барлық елдердегі байланысу мәліметтері көрсетілген.







3




4




5







6




7




8





15



16



Constructa-Neff Vertriebs-GmbH
Carl-Wery-Straße 34
81739 München, GERMANY



www.neff-international.com

9000861812 (9410)
kk